

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүліккі басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Лизинг жөніндегі департамент туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 599. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Өндірісті техникалық және технологиялық жаңарту құралы ретінде лизингті дамыту және мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүліккі басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанынан Лизинг жөніндегі комитет (бұдан әрі - Лизинг жөніндегі комитет) құрылсын.

2. Лизинг жөніндегі департамент өндіріс саласында ірі көлемді инвестицияларды тарту құралы ретінде лизингті пайдалану саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз ететін, өз қызметін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүліккі басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті өкілеттігінің шегінде дербес жүзеге асыратын атқару өкіметінің орталық органы болып табылады деп белгіленсін.

3. Лизинг жөніндегі департаментке:

Қазақстан Республикасында лизингті дамытудың негізгі бағыттарын, перспективалық жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу;

машиналық-техникалық импортты қамтамасыз ету үшін шет ел инвестициялары мен кредиттерін тарту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясаттың әзірленуі мен жүзеге асырылуына қатысу;

жалпы республикалық және аймақтық лизинг компаниялары жүйелерінің ұйымдастырылуына жәрдемдесу;

лизингті пайдалану және дамыту мәселелері жөніндегі республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының, кәсіпорындарының және ұйымдарының қызметін үйлестіру;

лизинг мәселелері жөніндегі заң және басқа нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу жүктелсін.

4. Лизинг жөніндегі департаменттің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өзінің атаулары жазылған мөрі, фирмалық белгісі, банкте шоты бар заңды тұлға болып табылатындығы белгіленсін.

5. Лизинг жөніндегі департамент орталық аппараты қызметкерлерінің саны 15 адам болып бекітілсін (күзет және мекемеге қызмет көрсету жөніндегі қызметкерлер бұған кірмейді) және 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін. < * >

Ескерту. 5-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.07.31. N 1040 қаулысымен. P951040_

6. Лизинг жөніндегі департамент аппаратын ұстаудың шығындарын қаржыландыру мемлекеттік басқару органдарын ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.<*>

Ескерту. 6 тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 1995.07.31 N 1040 қаулысымен.

7. Департаментті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындап және қызметінен босататын директор басқарады.

Департамент директорына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасы орынбасарының мәртебесі берілсін және оған Төраға орынбасарының лауазымдық жалақысы деңгейінде жалақы белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі тікелей келісім бойынша Лизинг жөніндегі департаментті қажетті телефондық, телеграфтық және телефакстық байланыспен, оның ішінде халықаралық байланыспен қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде Лизинг жөніндегі департаментке Алматы қаласында қызметтік үй-жай бөлуді қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісілген Лизинг жөніндегі департаменттің Ережесін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне бір ай мерзімде әзірлеп, ұсынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі